

Пәкістан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 12 қаулысы

Пәкістан Ислам Республикасында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Пәкістан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар б р о н ь н а н шығарылысын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі «Қазавиақұтқару» РМК-мен келісім бойынша Пәкістан Ислам Республикасына ізгілік жүгін Чаклала әскери әуежайына дейін әуе көлігімен уақтылы тасымалдауды және жеткізуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Қаржы министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны анықтасын және оны алу жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 8

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 1 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Пәкістан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен шығарылатын материалдық құндылықтардың тізбесі

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1.	Жарма (күріш)	тн	30
2.	Ет консервілері (338 гр.)	н.к.	26415
3.	10 орынды палаткалар (қысқы)	дана	20

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК